

# Ержүрек жауынгер естен кетпес үшін

**Талғат Кәрібайұлы Баймағанбетов (1958-1980) Ауғанстанда интернационалдық міндетін атқару кезінде жанкештілік танытып, ерлікпен қаза болған жауынгер.**

Батыр ұлымыз 1958 жылы 17 қарашада Арқалық қаласында дүниеге келген. 1978 жылы қазан айында әскери борышын өтеуге шақырылып, Талдықорған қаласындағы әскери бөлімде шеберлігін шыңдайды. 1979 жылдың желтоқсан айында Кабул қаласының 93922 әскери бөліміне алғашқылардың бірі болып аттанып, 1980 жылдың 12 шілдесінде экипажымен бірге дұшпандар құлатқан тік ұшақты құтқаруға жіберілді. Сөйтіп, әскери міндетін орындау кезінде 1980 жылы 14 шілдеде ерлікпен қаза тапты. 1980 жылдың 23 шілдесінде денесі Арқалық қаласына әкелініп қалалық зиратта жерленген.



Арқалық қалалық мәслихатының 2005 жылғы 3 мамырындағы кезектен тыс сессиясының шешімімен Г.Титов көшесіне ержүрек жауынгер Т.Баймағанбетовтің аты берілді.

(мағлұмат Арқалық қалалық мұражайынан алынды)